



ПРЕЗИДЕНТ

ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДА ӘДІЛДІК ҚАҒИДАТЫН ЖАҚТАЙДЫ

Бішкек қаласына жұмыс сапарымен барған Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше елдер басшылары кеңесінің отырысына қатысты.

Мемлекет басшысы ТМД жанындағы Серіктес және Бақылаушы мәртебесінің бекітілуін бүгінгі отырыстың айтулы оқиғасы ретінде атап өтіп, бұл шешім Ұйымның кемеліне келгенін және оны дамытудың жаңа кезеңіне қадам басқанын көрсететініне назар аударды.

Қазақстан Президенті геосаяси қайшылықтардың шиеленісе түскенін атап өтіп, әлем экономикасында тұрақсыздық күшейгенін айтты. Бұдан бөлек, Президент Таяу Шығыстағы қазіргі ахуалға қатысты пікір білдірді. Қазақстанның халықаралық қатынастарда әділдік қағидатын орнатуды, халықаралық қоғамдастықтың барлық мүшесінің заңды және егемендік құқығын ескере отырып, оны демократияландыруды жақтайтынын жеткізді.

Мемлекет басшысы БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіндегі қазіргі тоқырау жағдайында әмбебап ұйымның өкілдік аясы анағұрлым кең органы саналатын БҰҰ Бас Ассамблеясының рөлін күшейтуге мүмкіндік бар әрі қажет деп есептейді.

Бұл ретте БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесін реформалау ісінде асығыстық танытуға болмайды. Біздің ойымызша, бұл маңызды органға әлемнің барлық аймағының елдері, соның ішінде жаһандық Оңтүстік мемлекеттері мүше болуға тиіс. Шын мәнінде, бұл ұстанымды осы жиынға қатысып отырған мемлекеттер басшыларының барлығы құптайтыны қуантады, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев туындайтын сын-қатерлерді еңсеруге, табысты ынтымақтастықты нығайту үшін жаңа салаларды іздеуге бағытталған ТМД форматындағы белсенді ықпалдастықты жалғастыруға шақырды.

Тығыз сауда-экономикалық байланыстарды дамыту негізгі міндет болып қала береді. Достастыққа мүше елдердің нарықтары біз үшін қашанда басымдыққа ие. Өткен жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның сыртқы сауда айналымының төрттен бірінен астамы ТМД мемлекеттерімен жасалды. Бұл оң динамика биыл да сақталып отыр. Қазақстанның сауда айналымы 7 айда 4,5 пайызға өсіп, 20,5 миллиард долларды құрады. Біз сауда байланыстарын одан әрі нығайту үшін қолда бар мүмкіндіктерді толық пайдалануымыз қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының пікірінше, сауда кедергілерін жоюға, қолайлы тарифтік жағдай жасауға, өкімшілік рәсімдерді жеңілдетуге баса мән беру қажет.

Сонымен қатар Президент Достастық кеңістігіндегі көлік дәліздерін дамыту маңызды екеніне назар аударды.

2-бет

ИСАТАЙ ӘБДІКӘРІМОВТИҢ ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛ

ҰЛТ ҚАЙРАТКЕРІН ҰЛЫҚТАҒАН ЖИЫН



Бейсенбіде облыс әкімдігінде мемлекет және қоғам қайраткері, Социалистік Еңбек Ері Исатай Әбдікәрімовтің 100 жылдығына арналған «Исатай Әбдікәрімов: Азамат. Тұлға. Қайраткер» атты ғылыми-танымдық конференция өтті. Ұлт қайраткерін ұлықтауға арналған конференцияға құрметті қонақ ретінде ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі Мұрат Жұрынов, ҚР Инженерлік академиясының академигі Тұрлыбек Исаков, боксшы, КСРО еңбек сіңірген спорт шебері Серік Қонақбаев, ҚР Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің генерал-лейтенанты Олег Бижанов, еліміздегі қаржы институтының дамуына үлес қосқан қайраткер Ерлан Татишев, мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, Исатай Әбдікәрімовтың ұрпақтары, туған-туыстары қатысты.



Библат СӘТЖАН, «Сыр бойы»

Конференцияда облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аймақтың 85 жылдық мерейтойын атап өтуде ғылыми-танымдық, мәдени-көпшілік шараларға негізгі басымдық берілгенін айтты. Оның ішінде облыстың дамуында өзіндік қолтан-

басы бар азаматтар есімін ұлықтауға арналған тағылымды шаралардың орны ерекше.

Исатай ағамыз Қызылорда облысын басқарған тұста елге сіңірген еңбегі үшін жұртшылықтың ерекше сүйіспеншілігіне ие болды.

Қызылорда облысы Кеңес Одағы бойынша күршіткің 25 пайызын өндіріп, ырысты, күршіткі Сур еліне айналды. Исатай Әбдікәрімовтың тұсында шаруашылық басшылары, күршіткілер, малшылар, механизаторлар, жалпы саны 6 адам Социалистік Еңбек Ері атағын алды. Ағамыз Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Төрағасы қызметінде де абыройлы болды. Қай қызметте жүрсе де қайраткерлік қабілетін көрсетті.

Облысымыздың шежіресіндегі даму үрдістері бүгін де жалғасуда. Күні кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев арнайы жұмыс сапарымен келіп, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуымен танысты. Зиялы қауым қатысқан конференцияны пайдаланып, Президентіміздің өңір халқына деген ыстық ықыласын, бірлесіп атқарған

жұмысымызға берген жоғары бағасын өздеріңізге жеткізім келеді. Бұл баға – елдің бірлігі мен тату тірлігінің нәтижесі және ағаларымыз салып берген сара жолдың сабақтастығы деп білемін, – деді аймақ басшысы.

Жиында ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев пен ҚР Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Ерлан Қожановтың, Өзбекстан Республикасының мемлекеттік және саяси қайраткері Мұрат Камаловтың арнайы құттықтау хаттары оқылды.

Сондай-ақ, академик Мұрат Жұрынов баяндама жасап, жылы естеліктерімен бөлісті. Халқына адал қызмет ету өмір жолының биік ұстанымы болған қайраткер тұлғаның есімін ұлықтау шараларын жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін облыс басшылығына алғыс білдірді.

2-бет

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

ҚАТАРҒА ЖӘНЕ ЕЛУ АВТОБУС ҚОСЫЛДЫ

Облыстың 85, Қызылорда қаласының 205 жылдығы аясында игілікті істер қатары күн санап толысып отыр. Соның бірі кеше қалада қоғамдық көліктердің қатарына тағы да жаңа автобустар қосылды. Бұл халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған маңызды қадам және бұл бағыттағы жұмыстар жалғаса береді. Тұрғындарды айтулы сәтте құттықтаған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев осылай деді.



Ақтілек БІТІМБАЙ, «Сыр бойы»



Суреттерді түсірген Б.Есжанов

Президентіміз «Стратегиялық бағдарламаларды сапалы жүзеге асырудың негізгі міндеті – халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыруда ғана орындалады» деген болатын. Қазір демографиялық ахуал жақсарып, қала аумағы кеңейді. Халық санының өсуі қоғамдық көлікке деген сұранысты жыл сайын арттыруда. Былтыр жергілікті бюджеттен бөлінген 1,4 млрд теңгеге «Өнеркәсіпті дамыту қоры» арқылы 150 заманауи жаңа автобус алынды. Биыл шаһардағы қоғамдық көлік мәселесін түбегейлі шешу үшін қосымша 150 автобус алуға 1,6 млрд теңге бөлінді. Бүгін 150 автобусты табыстаймыз. Қалғаны жыл соңына дейін қызметін бастайды. Мемлекет халық алдындағы міндетін орындауда. Ендігі жерде «Қызылорда автобус паркі» ұжымы мен қала тұрғындары да жаңа көліктерге жанашырлықпен қарайды деп сенемін. Осы жерде, уақытпен санаспай халыққа

қызмет көрсететін қоғамдық көлік жүргізушілеріне алғысымды білдіремін. Сіздерге артылар сенім, жауапкершілік жүгі ауыр. Халық алдындағы міндеттеріңізді абыройлы алып жүргейсіздер, – деді аймақ басшысы.

Жаңа автобустар жолаушыларды тасымалдау қызметінің техникалық, сапалық деңгейін халықаралық және ұлттық стандарттарға сәйкестендіру үшін жан-жақты тексеруден өткізілген. Мүмкіндігі шектеулі жан-дарға қолайлы жағдай жасалған. Салқындатқыш және бейнебақылау құрылғысы бар. Сондай-ақ ересектер мен оқушылар үшін QR-кітап оқу мүмкіндігі қарастырылған. Ал автобустардың келуін «2ГИС» және «ЯНДЕКС GO» ұялы қосымшалары арқылы бақылауға болады.

Облыс әкімінің қолдауымен қалаішілік бағыттар халыққа қолайлы қоғамдық көліктермен толығымен қамтамасыз етілді. Былтыр серіктестік 5 бағыт бойынша қызмет көрсеткен.

Бүгінде олардың қатары 19-ға көбейді. Кейінгі үлгідегі бұл автобустар халық сұранысына сай бірнеше бағытқа қосылатын болады. Оның ішінде қалаішілік 34 бағыт та толықтай үлкен сыйымдылықтағы автобуспен қамтылмақ, – деді «Қызылорда автобус паркі» ЖШС директоры Максат Жүсіп.

Айтпа кетейік, өңірде жеке демеуші есебінен «Қорқыт ата» әуежайының жаңа терминалы, Қызылорда қаласында заманауи үлгідегі автовокзал ғимараты салынууда, теміржол вокзалы күрделі жөндеуден өтуде.

Президент қолдауымен «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық дәлізінің Қызылорда қаласынан Ақтөбе облысының шекарасына дейінгі аралығы 4 жолалы жолға ауысады. Сур өңірі үшін маңызды жобалардың бірі – «Қызылорда-Жезқазған» автожолының Қызылорда облысына тиесілі 216 шақырымының 104 шақырымы аяқталуға жақын.

ЖЕМІСТІ ЕҢБЕККЕ ЖАРАСТЫ ҚҰРМЕТ

Бейсенбі күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен актив отырысында әріптестері ҚР Ақпарат саласының үздігі, облыстық «QZYLORDA» телеарнасының директоры Жағыппар Қарабаланы зейнетке шығарып салды.

Аймақ басшысы Жағыппар Аманжолұлын құттықтап, Сыр елінің телевизия саласына қосқан сүбелі үлесі үшін алғыс білдірді.

Құрметті Жағыппар Аманжолұлы, сіз басшылық жасаған жылдар ішінде облыстық телеарна бәсекеге



қабілетті, қаржылық жағдайы тұрақты, телевизиядағы соңғы тенденцияларды бағыт менгерген арналар санатына қосылды. 2005 жылы небәрі 8 сағат эфирге шыққан телеарна бүгінде тәулігіне 14,5 сағат үзіліссіз хабар таратады. Жағыппар Аманжолұлы, сіз білікті мамандар тәрбиелеп шығарған мықты ұстазсыз. Телеарна қабырғасынан түлеген Дана Рысмухамедова, Ғалымжан Бөйімбет, Құрманәлі Қалмахан, Бағдат Әбдіқожаева, Нұрбек Әмиша, Рауан Мыңбаев секілді 50-ден астам журналистер мен телеоператорлар шетелдерден жаңалық таратып, республиканың беделді БАҚ-тарында абыройлы қызмет етуде. Сіздің шәкірттеріңіз тек БАҚ саласында емес. «Сыр жұлдыздары», «Таңшолпан» тележобалары арқылы бүгінде халықтың сүйікті әншісіне айналған жұлдыздардың өнердегі тұсауын да өзінің кестіңіз. Қазіргі қазақ эстрадасының көрнекті өкілдері Гүлнұр Оразымбетова, Мадина Сәдуақасова, Өмірқұл Айниязов, Бибігүл Жанұзақ, Алмас Кішкенбаев және өзге де өнер жұлдыздары – сіздің продюсерлік қызметіңіздің жемісі, – деді Нұрлыбек Машбекулы.

Сыр бойындағы руханият саласының дамуына қосқан ерекше үлесі үшін Жағыппар Аманжолұлына Қызылорда облысының Құрмет грамотасы табысталды.

2-бет

БАСПАСӨЗ - 2024

Сыр бойы

Құрметті оқырман!

2024 жылдың бірінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты газеттерге жазылу науқаны басталды.

«Сыр бойы» газетіне 6 айға жазылу бағасы: жекелер үшін – 4000 теңге, мекемелер үшін – 5000 теңге.



ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДА ӘДІЛДІК ҚАҒИДАТЫН ЖАҚТАЙДЫ

– Біз өзіміздің бірегей географиялық артықшылығымызды пайдаланып, жаһандық нарықтарды ұштастыруымыз керек. Осылайша аймағымызды ірі көлік-логистикалық хабқа айналдырамыз. Әлемде жаңа экономикалық география қалыптасып, сауда ағындары ұлғая түскен кәзіргі жағдайда бұл бағыт стратегиялық маңызға ие болады. Бүгінде Еуропа мен Азия арасындағы құрлықтық-транзиттік тасымалдың 80 пайызы Қазақстан арқылы өтеді. Біз Транскаспий көлік бағытын, «Солтүстік – Оңтүстік» дәлізін одан әрі дамытуға, сондай-ақ «Қазақстан – Түрікменстан – Иран» теміржолының мүмкіндіктерін толыққанды пайдалануға айрықша мән береміз. Қазақстан «Достық – Мойынты», «Бақты – Аягөз», «Дарбаза – Мақтаарал» теміржол жобаларын тезірек іске асыруды көздейді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы елдеріміздің транзиттік әлеуетін нығайту үшін қазіргі қолданыстағы инфрақұрылымды жаңғыртып, өкімшілік рәсімдерді қысқарту және интеграцияланған логистикалық, соның ішінде цифрлық шешімдерді енгізу шараларының маңызды екеніне арнайы тоқталды.

Президент ТМД-ға мүше мемлекеттердің аумағы арқылы өтетін күре жолдарды өзара ұштастыру тұжырымдамасын әзірлеуді ұсынды. Оның пікірінше, бұл құжат Еуразия кеңістігіндегі Достастық елдерінің мүдделерін ескеретін жаңа транзиттік-логистикалық кодқа айналады.

Қасым-Жомарт Тоқаев азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін келесі басымдық ретінде атап өтті.

– Анағұрлым өнімді әрі

1-бет

экологиялық таза ауыл шаруашылығын дамыту үшін өзара ықпалдастықты күшейткеніміз жөн. Озық тәжірибемен бөлісіп, өндіріс пен өткізілетін өнім арасындағы тізбекті жолға қою, сондай-ақ фитосанитариялық және ветеринарлық талаптарды оңтайландыру үшін қолайлы жағдай жасау қажет, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, климаттың жаһандық деңгейде өзгеруі елдеріміздің орнықты дамуына айтарлықтай қауіп төндірді.

– ТМД-ға мүше бірқатар мемлекеттің аумағында қазіргі экологиялық ахуал нашарлап, шөлге айналу және су қорының сарқылу жағдайында бұл проблеманы елеусіз қалдыруға болмайды. БҰҰ бағалауына сәйкес 2050 жылға қарай климаттағы өзгеріс салдарынан бес миллиардтан астам адам су тапшылығына ұшырауы мүмкін. Қазірдің өзінде Орталық Азия елдері Жер шарындағы орташа температураның көтерілуіне байланысты күрделі проблемаларға тап болып отыр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент еліміздің аталған саладағы маңызды жобалары туралы мәлімет берді.

Мемлекет басшысы күш-жігер жұмылдырмай, Еуразия кеңістігіндегі экологиялық катаклизмдердің салдарын еңсеру мүмкін емес екенін атап өтті. Сондай-ақ ТМД аясында осы бағыттағы конструктивті қарым-қатынасты нығайту аса маңызды деп санайды.

Бұдан бөлек, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық мәселесіне айрықша мән берілді. Қасым-Жомарт Тоқаев ТМД-ға мүше елдер арасындағы көпжақты ықпалдастықта орыс тілі ерекше рөл атқаратынына тоқталды. Достастық елдерінің волонтерлер бірлестіктерінің күш-жігерін жұмылдыру маңызды екеніне назар аударды.



ҰЛТ ҚАЙРАТКЕРІН ҰЛЫҚТАҒАН ЖИЫН

Исатай Әбдікәрімов облыстың бірнеше ауданын, облысты және еліміздің Жоғарғы Кеңесін басқарған. Ұлы Отан соғысының ардагері. Басшылық қызметке жастайынан араласқан Исатай Әбдікәрімов 1946-1948 жылдары Жаңақорған аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы, Қармақшы аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болды. Соғыстан кейінгі жылдары білім тапшылығына қарамастан жастық жалынның арқасында өзінің еңбекқорлығын таныта білген ол 1948-1952 жылдары облыстық партия комитетінде нұсқаушы, сектор меңгерушісі, 1952-1953 жылдары Қызылорда облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы қызметтерін абыроймен атқарды. Осы жылдары қызмет істей жүріп 1952 жылы Қызылорда педагогикалық институтын, ал, 1954 жылы Кеңес Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитеті жанындағы Жоғары партия мектебін оқып бітіреді.

Конференцияда облыстық мәслихат төрағасы Наурызбай Байқадамов Исатай Әбдікәрімовтің өмірдеріне тоқталып, қолжазбаларынан үзінділер келтірді. Өлкенің ғана емес, ел тарихында елеулі орны бар тұлғаның есімін ұлықтаудың маңыздылығын да атап өтті.

– Биыл біршама жергілікті тұлғаларымыздың есімін атап өту жұмыстарына тікелей араласып, күе болып келеміз. Бұл шаралар аясында тұлғаларымыздың тарихта алар орнын кейінгі ұрпаққа үлгі етуді мақсат етіп қойдық. Бұл алдымен өмірден өткендер үшін емес, артта қалған біз үшін керек, – деді Наурызбай Байқадамов.

Исатай Әбдікәрімов Шиелі аудандық партия комитетінің басшылығына Сужиковтің сенім білдіруімен келеді, оны әкесіндей құрмет тұтып, үлкен ұстазы санайды. Осы кезең Исатай Әбдікәрімов үшін үлкен өмір мектебіне айналды. Исатай Әбдікәрімов басқарған тұста Шиелі ауданы еңбекшілері қатарынан бірнеше жылдар бойы үздік көрсеткіштерге қол жеткізеді. Ауданның ондаған кәсіпшілері мен малшылары мемлекеттік жоғары марапаттарға ие болады. 1962 жылы желтоқсанда облыс аудандары ірілендіріліп, Жалағаш және Қармақшы аудандары бір аудан болып біріктіріледі. Сол кезде жаңадан біріктірілген Қармақшы

1-бет

ауданына басшылық қызметке Исатай Әбдікәрімов жіберіледі.

1965 жылы аудандар қайтадан еншілерін алғанда Исатай аға Жалағаш аудандық партия комитетінің бірінші хатшылығына тағайындалады. Бұл кезде Жалағаш ауданы әлеуметтік-экономикалық дамуы жағынан өте әлсіз болатын. Сол жылдары Жалағаш ауданының экономикалық өрлеуі басталады. Шаруашылықтың барлық саласында да жетістіктер болды. Аудан бірнеше рет күріштен мол өнім жинап, күріш жинауды басқа аудандардан ертерек аяқтайды. 1971 жылы мол өнім жинаған күрішшілермен бірге Исатай Әбдікәрімовке де КСРО-ның сол кездегі ең жоғары наградасы Социалистік Еңбек Ері атағы беріледі.

Көзқарғандары Исатай ағаның ерекше қасиеттерінің бірі – адам сыйлағыштығы еді деп айтып отырады. Ол алдына келген адамға немесе қызметкеріне тапсырма берерде, тіпті ұрысар алдының өзіне оған жылы сөздер айтып, көңіліне қаяу салмай, көңіл-күйін көтеруге тырысады екен. Жинда ҚР Инженерлік академиясының академигі Тұрлыбек Искаков баяндама жасап, тағдыры күрделі, өмірі өнегелі, ал, есімі аңыз боп қалған тұлғаның болмысын аша түсетін бірқатар деректермен бөлісті.

– Қандай да бір ұлттың белгілі тұлғасы туралы естелік айту алдымен оның өмір сүрген кезені, қоғам алдындағы сіңірген еңбегі басты бағдар болады. Осындай тұлғаларымыздың бірі де бірегейі – Исатай Әбдікәрімов. Ол – кеңестік кезеңде қызмет етіп, Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына, білім мен мәдениетінің өсіп-өркендеуіне зор үлес қосқан тұлға. Өмір жолында аштық, репрессия, соғыс тәрізді ауыр да қиын-қыстау сынақтарды басынан кешірді. Солай болса да адамдарға деген мейірімділігін сақтай білді. Жергілікті кадрлардың әлеуетін жақсы тани білді. Өмірлік тәжірибесі оған үнемі халықтың қалың ортасында жүруге, оларды түсінуге, сенімдеріне ие болуға септігін тигізді. Мұның өзі қоғамдық, мемлекеттік міндетті дер кезінде шешуге негіз болды, – деді Тұрлыбек Искаков.

Осында 50 жылдай бұрын Исатай Әбдікәрімов 1972 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің сенім білдіруімен Қызылорда облыстық

партия комитетінің басшылығына тағайындалады. Бұл кезең Сыр халқы үшін өте бір ауыр кезеңдердің бірі еді. Елде жұмыссыздық пайда болып, жыл санап етек жая бастаған тұс болатын. Исатай аға осы кезеңде халықтың әлауақатын арттыру, облысты өркендету үшін Қызылорда қаласында өндірісті дамытуға ерекше көңіл бөледі, бірқатар өндіріс орындарын ашуға қол жеткізеді. Ол басқарған жылдары облыс егіншіліктен экономикасы ілгерілеген аймаққа айналады. Өнеркәсіп дамып, тоқылмайтын маталар фабрикасы, күріш шаруашылығы машиналарын жасау зауыты іске қосылады.

Исатай Әбдікәрімов 1978-1979 жылдардағы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Төрағасы болады. Ол ел экономикасының қалыптасуына, халықтың мәдени-рухани өміріне өлшеусіз еңбек сіңірді, кейінгі ұрпақ айта жүрер соңына лайықты із қалдырды. Біртұар тұлға өз халқының тәуелсіздік алғанына жаны қалмай қуанды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиыншылықтарға халқымен бірге қабырғасы қайысты. Енді бой түзеп келе жатқан тәуелсіз мемлекеттің тәй-тәй басқан қадамына сабырмен қарап, пайдашарына сенді және оның алғашқы жетістіктеріне қуа да болды.

Сондай-ақ, конференцияда Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің проректоры Жандос Базартай, қоғам қайраткері Ибрагим Әбибуллаев баяндама жасады.

Исатай Әбдікәрімов қолжазбаларынан жинақталған жаңа кітаптың тұсаукесері ұйымдастырылды.

Айта кетсек, конференциядан бұрын Исатай Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық жоғары колледжінде 100 жылдық мерейтойға орай қайраткердің ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімі өтті. Шараны облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев ашып, қоғам қайраткері, колледж ардагері Сұлтанбек Тәуіпбайұлы Тәуіпбаев сөз сөйледі.

Тумысынан елім, жұртым деп, бар өмірін туған еліне арнаған Сыр перзентіне колледж студенттері арнау өлеңдерін оқыды. Текті тұлға, артына өшпес із қалдырған ел азаматы, Сырдың бәйтерегі Исатай Әбдікәрімовті бір минут үнсідікпен еске алып, ескерткішіне Сыр халқы атынан гүл шоқтарын қойды.

ТАҒАЙЫНДАУ

АСҚАРБЕК ЕСЖАНОВ – БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ

Сәрсенбіде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен кадрлық өзгерістерге байланысты актив отырысында облыстық білім басқармасының жаңа басшысы таныстырылды.



ҚР Оқу-ағарту министрлігі мен ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің келісімдері және облыс әкімінің өкіміне сәйкес Қызылорда облысының білім басқармасының басшысы лауазымына Есжанов Асқарбек Темірбекұлы тағайындалды.

Облыс әкімі жаңа басшыны құттықтап, алдағы міндеттерін атап өтті.

– Мемлекет басшысының Жолдауларынан білім саласына қатысты туындайтын міндеттер мен «Білімді ұлт» ұлттық жобасы аясында белгіленген индикаторларға мерзімінде әрі сапалы қол жеткізу қажет. Баршаңызға белгілі, білім саласына жұмсалған қаржы – ертенгі күнге салынған ең құнды инвестиция. Осы ретте Асқарбек Темірбекұлына бөлінген қаржының әрбір тиынының тиімді жұмсалыуына қатаң бақылау орнатуы тапсырамын.

Асқарбек Темірбекұлы барлығын жақсы таныс. Мемлекеттік қызметтің барлық сатысынан өткен, білім-білігі жоғары, әлеуеті зор кадр. Түрлі салаларда жинаған мол тәжірибесімен, ұйымдастырушылық қабілетімен ел дамуы жолында аянбай еңбек ететін мықты маман, тегеурінді басшы ретінде өзін

көрсете білді. Бұған дейін де осы салада еңбек етіп, мол тәжірибе жинаған маман ретінде сізге күрделі де жауапты жұмыста жоғары нәтижелер мен көрсеткіштерге қол жеткізеді деп сенім білдіреміз, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Актив отырысында облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев Асқарбек Есжановқа жаңа қызметінде сәттілік тіледі.

Асқарбек Темірбекұлы 1978 жылы Жалағаш ауданында дүниеге келген. Еңбек жолын 1999 жылы Қызылорда экология және құрылыс колледжінің оқытушысы болып бастаған. Әр жылдары облыстық мәдениет басқармасында, облыстық білім департаменті мен соттар әкімшісінде түрлі жауапты лауазымдарда қызмет атқарған.

2007-2010 жылдары Қызылорда қалалық білім беру бөлімі басшылығының орынбасары, Қызылорда қаласы әкімі аппаратының ұйымдастыру-бақылау және кадр жұмыстары бөлімінің бастығы болған. 2010-2015 жылдары Қызылорда облысы әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық жұмысы және аймақтық даму бөлімінің бас инспекторы, бөлім меңгерушісі, Қызылорда қаласы әкімі аппаратының басшысы лауазымдарында қызмет атқарған. 2015-2020 жылдары Қызылорда қалалық білім бөлімінің, Қызылорда қалалық мәслихат аппаратының, Қызылорда қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы қызметтерінде жемісті еңбек етті. 2020-2022 жылдары Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары, Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы ретінде нәтижелі жұмыс көрсетті.

2022 жылдың сәуір айынан бастап Жалағаш ауданының әкімі қызметін атқарып келді.

АРДАҚ ИБРАИМОВ – ЖАЛАҒАШ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ

Сәрсенбіде Жалағаш ауданында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен актив отырысында ауданның жаңа басшысы таныстырылды.



Облыс әкімінің өкімімен, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі және Жалағаш аудандық мәслихатының келісімдері бойынша Жалағаш ауданының әкімі лауазымына Ибраимов Ардақ Әбдіғәппарұлы тағайындалды.

Аймақ басшысы ауданның бұрынғы әкімі Асқарбек Есжановқа алғыс білдіріп, жаңа әкімнің қызметіне сәттілік тіледі.

– Ардақ Әбдіғәппарұлы Мемлекет басшысының тапсырмалары мен алға қойған міндеттерді жоғары деңгейде жүзеге асырып, нәтижелі жұмыстар мен игі бастамаларды одан әрі дамытуда аянбай жұмыс жасайды деп сенемін. Биылғы жылдың қорытындысымен дамудың барлық макроэкономикалық көрсеткіштері бойынша оң параметрлерге қол жеткізуді тапсырамын. Инвестиция тарту, салық базасын ұлғайту, қоғамдық-саяси тұрақтылықты сақтау, жаңа жұмыс орындарын ашу және кәсіпкерлікті дамыту бойынша нақты жұмыстар жүргізу қажет. Кезінде бұл аудан «Күріш фабрикасы» атанған. Қазір де сол деңгейді жоғалтпай, ауыл

шаруашылығы саласын дамыту жағынан алдыңғы қатардан көрініп келеді. Аймақтың әлеуметтік-экономикалық ахуалын жетік менгерген маман ретінде ауданның осы ерекше потенциалын пайдалану керек, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Жиында ел ағалары Ардақ Ибраимов пен Асқарбек Есжановты жаңа қызметтерімен құттықтап, ізгі тілектерін білдірді.

Ардақ Әбдіғәппарұлы 1986 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Мұнай мен газ кен орындарын игеру», «Болашақ» университетін «Құқықтану», «Мемлекеттік және жергілікті басқару», Қызылорда гуманитарлық университетін «Қаржы» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2006 жылы «Қазгермұнай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде инженердің көмекшісі болып бастаған. Әр жылдары мұнай және құрылыс компанияларында қарапайым жұмысшыдан басшылық лауазымдарға дейін қызметтерде болған. 2019-2020 жылдары Қызылорда қаласы әкімі аппаратының персоналды басқару қызметінің басшысы, Қызылорда қаласы әкімінің кеңесшісі лауазымдарында қызмет атқарған. 2020-2022 жылдары Қызылорда қаласына қарасты Белкөл кентінің өкімі ретінде тұрғындардың өзекті мәселелерін шешу жолында аянбай еңбек етті. 2022-2023 жылдары Қызылорда облысы әкімінің іс басқармасының директоры қызметінде нәтижелі жұмыс көрсетті.

2023 жылдың ақпан айынан бастап Қызылорда облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары қызметін атқарып келді.

ЖЕМІСТІ ЕҢБЕККЕ ЖАРАСТЫ ҚҰРМЕТ

Жиында Астанадан арнайы келген «Qazaqstan» республикалық телерадиокорпорациясы басқарма төрайымының орынбасары Азамат Кеңесұлы Жағыппар Қарабаланы марапаттап, телеарнаың жаңа директорын таныстырды.

«Qyzylorda» телерайнасының басшылығына «Болашақ» бағдарламасының түлегі, осыған дейін ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің баспасөз қызметін басқарған Нұрбек Әмиша тағайындалды.

Нұрбек Шынтөмірұлы 1982 жылы 5 маусымда Қызылорда облысында дүниеге келді. 2004 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін бітірген. 2017-2018 жылдары Ұлыбританияның Лидс университетінде магистратурада оқып, «Саяси қатынастар магистрі» атағын алған.

Еңбек жолын «Халық», «Сыр бойы», «Айқын» газеттерінде тілші қызметінен бастады. «Қазақстан-Қызылорда» телеарнасында редактор, «Хабар» телеарнасында бас редактор, «Bilim Media Group» компаниясы және Ұлттық аударма бюросында әдеби редактор қызметтерін атқарды. «Болашақ» Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ баспасөз хатшылығының басшысы, «Сан-Ай пресс» ЖШС-да бас директордың орынбасары, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің баспасөз хатшысы болып еңбек етті.

1-бет

Оқиға орнына келген жедел тергеу тобы пәтердегі хрусталь, фарфор сервиздер, вазалар, антикварлық әшекей бұйымдар түгел екенін көріп таңғалысады. Жүргізілген жедел тергеу шараларының нәтижесінде тонаушылар Крекшин мен Апухтин анықталып, олардан алтын, күміс, платинамен толтырылған чемодан айғақ зат ретінде алынды. Ал осындай байлықтың иесі жәбірленушілерге келсек, олар Қазалыдан Мәскеуге қайта қоныс аударған генерал С.Гоглидзениң шешесі мен қызы болып шығады. Әрине, мұнда байлықты олар Қазалыдан апарған жоқ, отыз жыл НКВД-да басшы қызметте істеген кездегі жинағаны. Кезінде баласы атылып кеткеннен кейін Бас прокурор Р.Руденкоға, Г.Маленковқа, Н.Хрущевқа арызданып жүріп жинақ қассасындағы 160 мың сом 16 жыл үй қызметінде жүрген адамдардың жамақасы екенін жариялап, дүние-мүлкін тәркілеуден сақтап қалған. Қаза болғанда әйелі 84 жаста екен, ал шешесінің жасы белгісіз.

Құжаттарға сенсек, «халық жауларының» жақындарын сол кездегі талап бойынша қатаң бақылауда ұстағандары көрініп тұр. Орындау үшін жолданған барлық нұсқауларға тиісті бастықтар белгі қойған.

Белгілі Украина құқық қорғаушы А.Шлаенның зерттеуі бойынша С.Гоглидзе екі рет үйленген екен. Бірінші некелегі зайыбымен 1934 жылы ажырасқаннан кейін байланысын мүлдем үзген. Бұл некеден туған ұлы Владимир Гоглидзе 1954 жылы қамалып, Қазақстанға қоныс аударылған. Басқа ұлы Виктор Гоглидзениң айтуы бойынша Владимир 1972 жылы Батумиде қаза болған.

Енді жақындарын тар жол, тайғақ кешуге мәжбүр қылған С.Гоглидзе мен П.Мешиктің кім болғанына, олардың қысқаша өмірбаянына тоқталып өтсек.

Сергей Арсеньевич Гоглидзе 1901 жылы Грузия КСР-да дүниеге келген, әскери атағы генерал-полковник. Берияның ең сенімді өкілі, жақын серіктерінің бірі, көмекшісі, қамқорлығына ие болған, оның көмегімен лейтенанттан генерал-полковникке дейін өскен. Грузиядағы жаппай қудалаудың жетекшісі. Ол 1920 жылдары Ташкентте кеші орта мектепте оқып, Түркістан майданының революциялық трибуналында істеген. Одан кейін Бүкілодақтық төтенше комиссиясы (ВЧК) әскерлерінің саяси хатшылық бастығы, ВЧК Мемлекеттік саяси басқармасының (ОГПУ) комиссары, кейін Кавказ шекара қызметінде Л.Бериямен танысып, М.Фрунзе атындағы Әскери академияда білімін жоғарылатып, саяси бөлім бастығы, бастықтың саяси орынбасары, шекара күзеті басқармасы мен ГПУ бастығы, ОГПУ-дың Кавказ КСР-дағы үкелі, Грузия НКВД-ның басқарма бастығы болған. 1934 жылы әуелі ЗСФСР ішкі істер Халық комиссары (ең жас екінің дәрежелі комиссары), Грузия НКВД-ОГПУ орган аппаратын газартауда белсенділік танытты. КСРО ЦК ВКП мен Халық комиссарлары кеңесінің (СНК) Молдавиядағы үкелі ретінде КСРО-ға қосылған Бессарабиядан кеңес

үкіметіне қарсы элементтерді жер аударуға жетекшілік етті. Гоглидзе Молдавия мен Украинадан революцияға қарсы белсенділерді, буржасия партиялар мүшелерін, помещик, бұрынғы полицей, жандарм,

қару өндірісімен қамтамасыз етуді қадағалау) бөлім бастығы болған. СМЕРШ қарсы барлау басқармасы бастығының орынбасары, 1-Украина майданы қолбасшысының орынбасары лауазымын атқарды. 1945 жылы

таң тыйым салынған, арнайы күзетілетін жаңа қоныстарда өмір сүрді. Батыста «Түрмелер елі» атанған кеңес мемлекетінде тек «халық жауларының» жақындары болғаны үшін сотталған әйелдер мен балаларға

сол кездегі солақай саясатты өмірінің соңына дейін қолдағанын көрсетеді.

1941 жылдың шілдесінде Батыс майданының қолбасшысы генерал Д.Павлов атылғаннан кейін оның өке-шешесі, әйелі, ұлы, енесі Мәскеудегі пәтерлерінен айырылып, Сібірге жер аударылған. Кейін Павловтың Отанға опасыздық жасағаны үшін емес, шайқаста қорқақтық танытқаны, биліктің әрекетсіздігі үшін үкімге кесіліп, атылғандығы, ал бұл баптар бойынша ол кезде туысқандары қылмыстық жауапкершілікке тартылмайтыны белгілі болған.

Ол кездер тіпті тұтқындалғандардың әйелдерінің қатты дауыс көтеріп жылауы революцияға қарсы үгіт-насихат, қастандық деп танылған. Лагерьде жазасын өтеуші әйелдердің көпшілігінің жаза мерзімі 1942-1946 жылдары аяқталса да, олар Сталин қаза болғанша 1953 жылға дейін лагерлерде жұмысқерлер қатарында болып, үйлеріне 1958 жылы ғана оралған. Бірақ, қиыншылықтар жалғасқан, сотты болғанға дейін тұрған қалаларына қайтуға тыйым салынған. Үйлері басқа біреулер меншігіне өткен, күйеулері атылған, балаларын интернат, балалар үйінен табу қиыншылықтар туғызған. Оншыл оппозиция өкілі М.Томскийдің әйелі М.Ефремова 1954 жылы лагерьден оралғасын екі жылдан кейін партияға қайта қабылдауын сұрап арызданады. Бұны естіген Молотов оны лагерьге қайтаруға тапсырма береді. Бірақ Н.Хрущев бұл шешімнің күшін жояды. Осы кезде небір қорлықты көріп қайтқан бұрынғы тұтқын әйел шұғыдай алмай инфарктпен қаза болады.

2000 жылдың 29 мамырында Ресей Федерациясының Жоғарғы сотының әскери алқасы С.Гоглидзе, П.Мешик, т.б. және сыбайластарының туысқандарының оларды ақтау туралы берген арыздарын қарады. Алқа ату жазасына кесілгендер Л.Берияның заңсыз тапсырмаларын орындауға мәжбүр болғанымен олардың мемлекеттік қауіпсіздік органдары мен ішкі істер органдарының жауапты лауазымды тұлғалары бола тұра өздері ұдайы қызмет бабымен теріс пайдаланғанын көрсетті. Жазықсыз адамдарды қамап, азаптау, оларға қатысты қылмыстық істерді бұрмалап, азаматтарды заңсыз бас бостандығынан ажырату, көптеген азаматтардың қазаға ұшырауына әкеліп соқтырған аса ауырлатын мән-жағдайлар әскерлік ақтауға негіз жоқ екендігін түсіндірді. Бірінші саты сот үкіміне Отанға опасыздық жасау туралы айыпты алып тастап, қалған бөлігін күшінде қалдырып, ату жазасы 25 жылға бас бостандығынан айыру жазасымен ауыстырылды.

Бала кезінде анам Қызылорда қаласының «Шанхайдағы» кірпіш зауытының жұмысшыларына арналған дүкенде сатушы болып қызмет жасаған. Сол дүкенге жиі барғанда кеңес елінің түкпір-түкпірінен келген неше түрлі ұл өкілдерін көретінмін. Сол кезде анам олардың жер аударылғандар екенін айтатын. Жалпы сол кезде Бұқар еврейлері, шешен, татар, христиан шығандары, корей, грек, славян, т.б. көптеген этнос өкілдері тұратын. Кейін олардың барлығы тарихи отандарына қоныс аударды. Қап тауынан

көшіп келгендердің ұрлық әрекеттері туралы естіндім. Олармен шексіз, төбелесіп, бірге өстік, ешқашан жаман әдеттерін байқаған емеспін. Кейін қызмет істей бастағанда 1980 жылдардың аяғына дейін арнайы контингент қоныс аударушыларды еңбекке баулу, бақылап тұру үшін облыстағы арнайы құрылған комедатуралар жұмысымен жақын таныстым.

Қазір айтылып-жазылып жүргендей, тарихи құжаттарға сәйкес қазақ елі кеңес мемлекетін жайлаған басқа халықтарға қарағанда жаппай қудалауға, қуғын-сүргінге көп ұшырады. Орасан зардап шекті, оның ішінде Сыр елі, Қазалы ауданынан қаншама адам сотталды, атылды. Халыққа қырғидай тиген НКВД-ОГПУ органдары бұл нәубет заманында ерекше роль атқарды. Сол зардап шеккендердің жақындары Берияның қолшоқпарына айналған С.Гоглидзе мен П.Мешиктің туыстары өздерімен бірге бір ауданда қатар тұрып жатқанын, оларға күнделікті азық-түлік тасып, қызмет істеп жүргенін ерине, білген жоқ. Ол кезде құпиялықты қатты сақтайтын, сыртқа шығармаймын деп қолхат берген жергілікті қызметкерлер жұмған ауыздарын ашпайтын. Бұл мәліметтер жеті құлыптың арғы жағында «аса құпия» айдарымымен сақталғаны белгілі ғой. Бұндай апараттарды жергілікті қызметкерлер білмеуі де мүмкін, ол кезде көбінесе басқа, славян ұлттарынан тағайындалатын бастықтар оларға сенімсіздікпен қарайтын. Мақала жазу барысында Қазалы ауданына қоныс тепкен халық жауларын тұрған үй-жайлар туралы сұрастырғам, бірақ олар бұзылып кеткен екен.

Ата-әжелеріміз өздері аш отырса да, қанатымен су тасыған қарлығаш секілді лагердегі тұтқындарға кесек шөкелеген болып, орнына құрт лақтырғанын, олардың аман қалуына септігін тигізгенін алыстағы Германиядағы бұрынғы тұтқын әйелдің қазақ халқына айтылған алғысынан білдік. Шешен қызының «Қазақ алғыс» атты әні, өзеннің бергі бетіне мәйіт жерлуге өтуге құқы жоқ шешендер қолынан өзен ортасына келіп, табытты алып жерлегені әлеуметтік желілерді шұлағанда. Кезінде «Егемен Қазақстанда» қазақ жеріне қоныс аударып, кейін еліне оралған имам ақсақалдың Грозный музейіне жәдігер есебінде ақтық шүберекке орап тапсырған бір уыс топырақ пен ескіше арабша жазылған хаты туралы жарияланған болатын. Хатта: «Е, Алла! Өздері қиналып отырса да, бір үзім наным бөлісіп, шешен ағайындарды аман алып қалған қазақ халқына екі дүние қызықтылығы мен жақсылығын нәсіп ете гөр. Қазактар енді жаманшылық көрмесін... Амин» деп жазылыпты. Періштелердің құлағына шалынсын! Қазақ халқы соғыстан, нәубеттен аман есен болғай. Жеріне жау көз тікпей, алдығы елдер қатарына шықсын деп Алладан тілейік, ағайын.

Хұсайын ҚОРАЗБАЕВ,
облыстық полиция
департаментінің бөлім
басшысы, полиция
полковнигі

(Соңы, басы №152-153 сандар)

«БЕРИЯ БАНДАСЫ»: ЖАЗАСЫН ӨТЕГЕН ТУЫСТАР



Алматы облыстық полициясы

патша үкіметі мен румын әскерінің офицерлері, ірі сауда, кәсіп иелері мен олардың отбасыларын жер аударуға Сталиннің рұқсатын алған. 1941 жылдың 12-нен 13 маусымына қараған түні Қазақстан (Ақтөбе, Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда), Коми, Краснояр аймағына, Омск, Новосибир облыстарына 30 мыңнан аса адамды мәжбүрлеп көшіруге жетекшілік етті. Одан кейін Хабаровск аймағы мен Қытай Шығыс бойынша НКВД басқармасының бастығы, КСРО Мемлекеттік Қауіпсіздік министрлігінің (МГБ) өкілі, КСРО МГБ теміржол және су көлігі басқармасының бастығы болып тағайындалды. 1953 жылы 3 шілдеде Берия тұтқындалған кезде Герман Демократиялық Республикасында іс-сапарда жүрген жерінен ұсталып, Мәскеуге жеткізілді.

Павел Яковлевич Мешик 1910 жылдың 23 желтоқсанында Украинаның Сум облысында дүниеге келген. Әскери атағы генерал-лейтенант. Ақталу үкімі шықпаған. 1932 жылы ОГПУ қатарына алынып, ОГПУ-дың жоғарғы мектебін аяқтаған. КСРО НКВД Мемлекеттік қауіпсіздік басқармасының экономика басқармасының, 3-басқарманың (қарсы барлау) жедел үкелі, НКВД тергеу бөлімі бастығының, бас экономика басқармасы тергеу бөлімінің бастығы, 1-бөлімде (өндіріс, тамақ саласы, Халық комиссариаты) қызмет атқарған. НКВД екіге бөлінгенде Украина Мемлекеттік қауіпсіздігі халық комиссары, КСРО НКВД экономика бастығы мен 7-арнайы (миномет

Варшаваға іссапарға жолданып, Польша уақытша үкіметі қоғамдық өкімшілік министрінің кеңесшісі ретінде мемлекеттік қауіпсіздік органдарының құрылуына жетекшілік жасады. 1945-1953 жылдары КСРО Министрлер кеңесі жанындағы 1-бас басқармасы (Семей жерінде жаппай қырып жою қаруын жасап шығару мекемелерін салды) бастығының орынбасары ретінде құпиялық режимді қамтамасыз етумен, объектілерді күзетумен, кадр жасақтаумен айналысты. 1946-53 жылдары атом өндірісімен байланысты ерекше режимді жабық қалалар мен қыстақтарды салу, оған мамандарды тарту, мамандар мен жұмысшылардың орналасуына жағдай жасау, объектілерде өрт сөндірушілер жасақтарын құру, тиісті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету саласына бақылау жасады. 1953 жылдың наурызынан бастап Украина КСР Ішкі істер министрлігінің бастығы болып тағайындалды. Көбінесе өзінің грузин жерлеріне арқа сүйеп, қасына жинайтын. Л.Берияның серіктестері арасындағы жалғыз украин халқының өкілі. Берияның қолдауымен лейтенанттан генерал-лейтенантқа дейін көтерілген.

Екеуі де – КСРО Ішкі істер халық комиссариаты ерекше үштігі құрамына кірген арнайы қызметтің белгілі қайраткерлері. Сталиндік жаппай қудалаудың (үлкен террор) белсенді ұйымдастырушысы. Екеуі де Берияның ісі бойынша тұтқындалып, астыртын қастық, шпionage, тыңшылық жасау, билікті басып алу арқылы Отанға опасыздық жасағаны үшін КСРО Жоғарғы сотының 1953 жылдың 23 желтоқсанындағы үкімімен РФКСР Қылмыстық Кодексінің 58-бабы бойынша ең жоғарғы жаза – өлім жазасына кесіліп, сол күні 21 сағат 20 минутта үкім орындалып, (дүниеге келген күні, 43 жасқа толғанда) атылған. 58-бап – сол кездердегі адамдардың үрейін туғызатын Қылмыстық Кодекстің ең қорқынышты бабы еді.

Кенес одағының түкпір-түкпірінен тұтас халықтар аға-мекендерінен, үй-жайларынан айрылып, еріксіз көшіріліп, рұқсатсыз шығуға қа-

арналған лагерлердің саны әлі белгісіз. Елімізде бірнеше әйелдер лагерлері, Ақмоланың түбінде Қарағанды еңбекпен түзеу лагерінің 17-арнайы бөлімшесі атанған, 8 мың тұтқын жазасын өтеген атақты «АЛЖИР» («Отан сатқындығы әйелдерінің Ақмола лагері») болғандығын беріде егемендікке қол жеткізгеннен кейін білдік. Кезінде ату жазасына кесілген арыстарымыздың бірі бес-алты жыл бойы жарын іздеп шарқ ұрғанын, Африканың Алжиріне ондаған жауапсыз хаттар жазғанын, лагердің Ақмола түбінде екенін білгенде сол жерде барып өлетін жаны тебіреніп жазғанын оқып едім.

Өкінішке қарай Сталин заманында миллиондаған кеңес азаматтарының жазықсыздан жазықсыз жапа шеккенін сол кездегі кеңес билігінің басшылары мойындамағаны, түсінбегені қынжылтады. 1937 жылдың 7 қарашасында Ворошиловтің қызмет бөлмесіндегі мерекелік түскі астан кейін халықтар көсемі Сталин «біз тек халық жауларын ғана емес, олардың бүкіл отбасы, тұқым-әулеттерін ең соңғы буынына дейін құртамыз» деген екен. 1970-жылдары жазушы Феликс Чуев В.Молотовтан саяжайында сұхбат алу барысында халық жауларының әйелдері мен балаларының қудалану себебін сұрағанда «олар қоғамнан оқшаулану керек, әйтпесе өрт түрлі арыз-шағымдарды таратушыларға айналады, тергеу жұмыстарына кедергі келтіреді» деп жауап берген екен. Сталиндік жеке басқа табынушылық, Ежов, Ягода, Берияның, т.б. халықты жазықсыз соттаған әрекеттері белгілі болғаннан жазықсыз сотталған бұрынғы халық жаулары ақталғаннан кейінгі халық комиссарлар кеңесінің төрағасы, Сыртқы істер комиссары, Сыртқы істер министрі болған, ел басқарған жоғары тұлғаның жауабы осы.

КОКП ОК-нің 1964 жылғы ақпан пленумында М.Суслов Ежовтың Молотовқа келісу үшін апарған лагерлерге жөнелетін халық жаулары әйелдерінің тізімін көріп, біреуінің тегі, атының тұсына «атылсын» деген белгі қойғандығы оның

Алматыдағы ҚР Ұлттық кітапханасында «Өмірде өлең ғана – бар асылым» кітабы мен «Жоғалған жыр» фильмінің тұсаукесер рәсімі өтті.

ЖОҒАЛҒАН ЖЫР

жарты ғасырдан соң халқымен қайта қауышты

Ынтызар Әбішев – іздеусіз қалған ақын. Нәбәрі орда бұзар 30 жасында ауру алып тынған, сүйегі туған жерінен алыста, сонау Қырымда қалған. Көзі тірісінде ғана емес, өмірден өткен соң да тартқан қасіреті аз емес. Артында ұрпақ қалмаған ақынның бар байлығы – өлеңдері, қолжазбалары талан-таража түскен. Оның кітабын құрастырған немере інісі Нұршайық Әбдуәлі мен досы Нұрсұлтан Мықтыбай.

«Қазақтың құтханасына айналған Ұлттық кітапханамызға өмірден ерте кеткен қазақтың талантты ақыны Ынтызар Әбішевтің «Өмірде өлең ғана – бар асылым» кітабының тұсаукесер рәсіміне жиналды. Қазақ поэзиясының алтын қоры тағы бір мықты ақынмен толықты, әдебиетіміздің асыл қорына осындай жаңа кітап, жаңа есім келіп қосылды деп қуанып тұрмыз. Болашақта Ынтызар ақынның есімі, шығармашылығы туралы жазыла, айтыла береді. Бүгінгі кеште Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының атынан бір ауыз сөз айтты, осында отырған, сонау Сырдан келген туған-туысқандарын, оқырмандарын құттықтауға рұқсат етіңіздер! Тұсауы кесілгені турған жаңа кітапқа ақ жол, сәт сапар тілейік! Ақынның талан-таража түскен жырларын тірнектеп жинап, жарыққа шығарған азаматтарға алғысымыз шексіз! – деді шараны ашқан Қазақстан



Жазушылар одағы басқарма төрағасының орынбасары, ақын, профессор Бауыржан Жақып.

Әдеби кештің қадірменді меймандары кітаптың лентасын қиды. Жиналғандар Ынтызар Әбішев туралы «Жоғалған жыр» фильмін тамашалады. Идея және сценарий авторы – Нұрсұлтан Мықтыбай. 45 минуттық фильмде ақынның тауқыметке толы тағдыры баяндалады. Оның жоғалған, қолды болған өлеңдерінің қалай табылғаны

сөз болады. Көзін көргендер естелік айтады. Автор ақын туралы алыпқашпа әңгімелерге архив құжаттарына сүйене отырып, нүктесін қояды.

Аталған шараның ҚР Ұлттық кітапханасында өтуінің өзіндік мәні бар. Себебі ақынның жарты ғасырдан кейін халқымен қайта қауыштыруға Бақытжамал Оспанова бастаған ұжымның сіңірген еңбегі зор. Осы кітапхананың анықтамалық-ақпарат-

тық қызмет көрсету бөлімінің қызметкерлері Ы.Әбішевтің өлеңдері жарияланған газеттерді тауып, оның жоғалған жырларын қалпына келтіруге, жинағының шығуына қомақты үлес қосқан.

Бұл кеште ақын туралы фильм мен жыр жинағы ғана емес, оның азапты тағдырына арналған «Ынтызардың зары» атты әннің де тұсауы кесілді. Н.Мықтыбайдың сөзіне жазылған әннің авторы, әнші Сәуле Жанпейісова.

– Жат жерде қалған бабаларымызды іздеп жүріп, Қырымға да барғанмын. Сол Қырымда қазақтың ханы Нұралы, Кеңес Одағының батыры және Севастополь қаласының коменданты болған 1 рангты капитан атамыз жатыр. Ақын Ынтызар Әбішев Қырымда сүйегі қалған төртінші қазақ болып менің «Жат жерде қалған қазақтар» атты энциклопедияға еніп отыр, – деді Қазақстанның Құрметті журналисі, Халықаралық Ақпараттар академиясының академигі Ермек Жұмаметұлы.

Осы шараға Сыр елінен арнайы келген ақынның немере інісі, аталған кітаптың жарыққа шығуына себепші болған Көмен Әбішев пен зайыбы Рабиға Қайып, ақынның көзін көрген ауылдасы, бүгінде Алматы қаласында тұратын Набат Оспанова естеліктер

айтты. Сәуле Жанпейісованың шәкірттері Жайна Барахатова, Дидар Шопаев, Нұрсұлтан Өтеген ақынның сөзіне жазылған өлеңдерді орындап, жиналған қауымға ерекше көңіл-күй сыйлады.

– Ынтызардың есімін естгенде, өлеңдерін оқығанда ылғи көзіме жас келеді. Толқып кетемін. Сондай аянышты, сондай қасіретті тағдырдың соның тойға ұластырып, екінші рет өмірге әкелуі үшін күн-түн демей қыруар еңбек еткен екі достың ерік-жігеріне таңғалмасқа шарамыз жоқ. Казіргі құндылықтар өзгерген заманда аруаққа, руханиятқа еңбек ететін жастар өте аз. Жасыратыны жоқ, мен өлеңдерін оқып, қайран қалдым. Ең алдымен, оның поэзиясында керемет сурет бар. Мәселен, табиғаттың көріністерін, атап айтқанда, жақ, күз, көктем, қыстың портретін жасап кеткен. Табиғатты жырлағанда, онымен өзінің сырласындай сырласады, мұңдасындай мұңдасады. Одан демеушілік іздейді. Ақынның тенеулерінде де соны жанадық бар. Мысалы, өзінің қаламын «жүйрік пыраққа» тенеуді. «Қаламым, сенсің мінетін жүйрік пырағым» дейді. Қарап отырсам, шынында да, біздің қаламымыз жүйрік пыраққа тең екен. Соншама жал-жас бола тұра осындай тенеулерді жазып кеткен Ынтызар Әбішевті, расында да, тегін адам емес деп ойлаймын, – деді кешті қорытындылаған жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мағира Қожахметова.

Серік АҚМЫРЗА,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

Он мыңнан астам ота жасаған

Кәсіби біліктілігі мен терең білімінің арқасында есімдері Сыр медицинасының тарихына алтын әріппен жазылып, ел жадында қалған ақ халаттылар аз емес. Солардың бірегейі – Сыр медицинасының атасы атанған белгілі дәрігер Ернияз Омаров.

Сп Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»



Аймақтың денсаулық сақтау саласының дамуына аянбай еңбек етіп, өз үлесін қосқан ардақты жан 1932 жылы 1 қантарда Терөзек ауданы, қазіргі Асқар Тоқмағанбетов ауылында дүниеге келген. 1947 жылы жетіжылдық мектепті, одан соң Қызылорда медициналық училищесін бітірген. Еңбек жолын Терөзек ауданы «Арысқұм» жайлауындағы малшылар қонысында фельдшер болып бастап, одан кейін медициналық бекет меңгерушісі болып жұмыс істеген. Дәрігер болсам деген арман жетегінде 1952 жылы Алматы медициналық институтына оқуға түсіп, оны 1958 жылы ойдағыдай аяқтайды.

Сол жылы Қызылордадағы облыстық ауруханада хирург, емхана меңгерушісі, одан кейін 1961 жылы қалалық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі қызметтерін абыроймен атқарды. Осы жылдары қала тұрғындарына медициналық қызмет көрсететін денсаулық сақтау мекемелері бір жерге шоғырландырылып, қалалық балалар ауруханасы, әйелдер консультациясымен бірге қалалық перзентхана, туберкулезге қарсы күрес диспансері, балалар емханасы, №1, 2 және №3 емханалар ашылған. Ал 1967 жылы Ернияз Омаровтың бастамасымен қалада 250 төсектік қалалық аурухана ел игілігіне берілді. Оған бас дәрігер болып тағайындалғаннан кейін бірқатар емдеу-алдын алу мекемесін біріктіріп, қалалық біріккен аурухана құрылған.

Ернияз Омаров – дәрігерлік қызметін ғылыммен ұштастырған жан. Ғылым-білімге құштарлығы, өзінің жүрек қалауымен таңдаған мамандығының қыр-сырын терең меңгеру жолындағы үздіксіз ізденістің нәтижесінде 1974 жылы кандидаттық диссертациясын қорғады. 1982 жылы облыстық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалған ол осы қызметті 15 жылдай абыроймен атқарды. Ол кісінің басшылығымен

облыста типтік жобадары 5 орталық, 7 ауылдық аурухана, 20-дан астам ауылдық дәрігерлік емхана және көптеген фельдшерлік пункт ғимараты салынып, бірқатар медициналық нысан жаңартылды.

Ернияз Омарұлы – аймақта ана мен бала өлімін азайтуға, олардың саулығын сақтауға барынша көңіл бөлген басшы. Осы бағытта барлық аудан орталықтарында, қалалық біріккен ауруханада, перзентханада реанимациялық-анестезиялық бөлімдері ашып, оларды білікті

Ернияз Омарұлы – аймақта ана мен бала өлімін азайтуға, олардың саулығын сақтауға барынша көңіл бөлген басшы. Осы бағытта барлық аудан орталықтарында, қалалық біріккен ауруханада, перзентханада реанимациялық-анестезиялық бөлімдері ашып, оларды білікті мамандармен, қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуде бар күш-жігерін аямады. Сонымен қатар облыс орталығында кеңес беру-диагностика орталығы мен көпсалалы 700 төсектік облыстық медицина орталығы құрылысының салынуына атсалысты. Ол кісінің тұсында пульмонология, травматология, торокальді хирургия, нейрохирургия, гематология, аллергология салалары бойынша жаңа бағыттар дамыды. Ғылымға жол ашылды. Өзі де балалардың туа бітті жамбас буынының шығуына байланысты 56 ғылыми еңбек жазды.

мамандармен, қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуде бар күш-жігерін аямады. Сонымен қатар облыс орталығында кеңес беру-диагностика орталығы мен көпсалалы 700 төсектік облыстық медицина орталығы құрылысының салынуына атсалысты. Ол кісінің тұсында пульмонология, травматология, торокальді хирургия, нейрохирургия, гематология, аллергология салалары бойынша жаңа бағыттар дамыды. Ғылымға жол ашылды. Өзі де балалардың туа бітті жамбас буынының шығуына байланысты 56 ғылыми еңбек жазды.

Ернияз Омарұлы – білікті басшы, қабілетті ұйымдастырушы, іскер азамат ғана емес, антына адал дәрігер ретінде ел есінде қалған тұлға. Өйткені ол денсаулық сақтау ісінің қай саласында қызмет атқарса да өзінің ең алдымен хирург-

травматолог маман екенін естен шығарған емес. Елу жыл ішінде он мыңнан астам ота жасап, оның ішінде жүрекке, сүйек туберкулезіне, сүйек сынықтарын аппаратпен ұштастыруды облыста тұңғыш жүзеге асыруы – соның бірден-бір дәлелі. Науқас балаларды емдеп жүзде Одақ көлеміндегі білікті хирург атанды. Оның «Іштен кеміс туған балаларды оперативтік-консервативтік тұрғыдан емдеу» тақырыбында қорғаған кандидаттық еңбегі Қазақстанның ғана жемісі болып

қалған жоқ, Одаққа, одан әрі шет мемлекеттерде де тәжірибеге енгізілді.

Дәрігердің еселі еңбегі өз кезегінде лайықты бағасын алды. Өзі ажалдан арашалап, аяқтан тұрғызып қаншама жанның батасын, «алтын қолды дәрігер» атанған көпшіліктің алғаусыз ақ тілегі Ернияз Омарұлын абырой биігіне көтерді. «Қазақ ССР-іне еңбегі сіңген дәрігер» құрметті атағымен, «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар достығы» және «Құрмет белгісі» ордендерімен, «1941-1945 жылдардағы Жеңіс» медалімен, Құрмет грамоталарымен марапатталды, Сырдария ауданының, Қызылорда облысының және Қызылорда облысының Құрметті азаматы атақтарын алды.

Оның «Өмір белестері» атты ғылыми-публицистикалық кітабы, «Сыр медицинасы» кітабы – кейінгі ұрпаққа мұра.

Ернияз Омарұлы кәсіби

біліктігімен қатар бойындағы адамгершілігімен, қарапайымдылығымен, мейірімділігімен айналасына шуағын шашқан асыл жан еді. Әріптестеріне деген ерекше ықыласы, досқа адалдығы, өзінен үлкенге ізетті іні, жасы кішілерге қамқор аға бола білген. Осы адами биік қасиеттері арқылы өзі де құрметке бөленді. Жиган мол тәжірибесі мен терең білімін ізінен ерген жас мамандарға үйретуден жалыққан емес. Сол себепті зейнетке шықса да мамандығынан, әріптестерінен қол үзген жоқ.

Ол білікті маман, іскер басшы, «алтын қолды дәрігер» ғана емес, сонымен бірге отбасының алтын дінгеі, асыл жар, ардақты әке, сүйікті ата бола білген бақытты жан еді. Жары Хадиша апамен бірге 5 бала өсіріп-тәрбиелеп, 12 немере, 4 шөбере сүйді.

Сыр медицинасына 60 жылдан астам адал қызмет еткен мемлекет және қоғам қайраткері Ернияз Омаров 2021 жылдың 22 тамызында 90 жасқа қараған шағында дүниеден өтті. Артында өшпес із қалдырған, ақ халатына дақ түсірмеген ардақты ағаның тау тұлғасы бүгінде оны білетін жақын-жуықтарының, әріптестерінің, сыйлас жандардың көз алдында, жадында біктейтін түсіп, сағынышқа айналғаны сөзсіз. Қызметтес болған іні-қарындастары ол кісі туралы әрдайым жылы еске алары хақ.

– Ерекеңмен сонау 1967 жылдың аяқ жағынан бастап қызметтес болдым. Ол кезде қалалық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі еді. Ол кісінің басшылығымен қалалық аурухана ашылды. Онан кейін облыстық денсаулық сақтау бөліміне басшылыққа келді. Сол кезде облыс медицинасының дамуына бар күш-жігерін жұмсады. Әсіресе ауыл медицинасын көтеруге, медициналық көмектің сапасын жақсартуға, мамандармен қамтуға аянбай жұмыс істеді. Айналып келгенде, өңірдің денсаулық сақтау саласының өркендеуіне ерен еңбек сіңірді. Өз ісінің майталманы бола білді. Ерекең адам ретінде де, маман ретінде де елге сыйлы, қадірлі азамат, өзінен кейінгілерге ұстаз басшы болды. Үлкен жүректі, мейірімді, қарапайым еді. Зейнетке шыққан соң да қарап отырған жоқ, өмірлік тәжірибесін, көрген-білгенін, түйгенін жастарға берді. Елге сыйлы абыз ақсақал еді. Бүгінде ардақты ағамызды сағына еске аламыз. Ол кісінің жарқын бейнесі мәңгі жадымызда, – деп еске алады әріптес інісі, сала ардагері Тұрғанбай Маханов.

«Жақсының аты өлмейді» демекші, артында өшпейтін із қалдырған Ернияз Омаровтың Сыр медицинасының дамуына қосқан өлеусіз еңбегі, оның кісілік келбеті мен мейірімге толы жүзі ел жадында ұзақ сақталары сөзсіз.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда облыстық онкология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына бақылау кеңесінің мүшесі лауазымдық қызметіне Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы конкурсы жариялайды.

Конкурс өткізілетін күн: Конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялағаннан бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн өткеннен кейін.

Конкурс өткізілетін орыны: Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы, мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27, Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының ғимараты, №212 бөлме.

Кәсіпорынның атауы, орналасқан жері, пошталық мекен-жайы және байланыс телефоны: 120008, «Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы Берке Хан көшесі, 49А, байланыс телефоны: 8 (7242) 90-74-30, e-mail: Onkolog_kzo@med.mail.kz денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда облыстық онкология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

Негізгі қызметі: Қызылорда облыс халқына оның ішінде онкологиялық науқастарға мамандандырылған стационарлық амбулаториялық көмек көрсету.

Бақылау кеңесіне сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар: жоғары білімінің болуы, сондай-ақ төмендегі мынадай талаптардың біріні:

- 1) Денсаулық сақтау салаларындағы кемінде он жыл жұмыс тәжірибесінің;
- 2) Денсаулық сақтау салаларындағы басшылық қызметте (занды тұлға басшысы немесе оның орынбасарлары) кемінде бес жыл тәжі-

рибесенің;

3) Денсаулық сақтау салаларындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі болуын қамтиды.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде комиссияға мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);
- 2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
- 3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);
- 4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалды расталған көшірмесі;
- 5) жоғары білімі туралы құжаттың нотариалды расталған көшірмесі;
- 6) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының нотариалды расталған көшірмесіне соңғы жұмыс орнына қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың үзінді көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Үміткер конкурстық өтінімінің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертке үміткердің аты, жөні, тегі және мекен-жайы көрсетілгені тиіс. Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар хабарландыру жарияланған күнінен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн аралығында Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27-үй мекен-жайы бойынша Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасына тапсырылуы тиіс.

Анықтама үшін байланыс телефоны: 8 (7242) 40-01-51 (3008), 23-53-41.

«ТӨРТ ТҮЛІК» ПАЙДАЛЫ МОБИЛЬДІК ҚОСЫМШАСЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Республика көлемінде 2023 жылдың 18 шілдесінен бастап ауыл шаруашылығы жануарларының иелеріне арналған «Тортүлік» мобильдік қосымшасы іске қосылды. Жоба Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі экономикалық саясатты талдау орталығымен бірлесіп әзірленген.

Осы қосымша ауыл шаруашылығы жануарларының базасын кеңейтуге көмектеседі, әрбір жануар иесі (ШҚ, ЖШС, жеке қосалқы шаруашылықтар және т.б.) өз малына түгендеу жүргізе алады. Осының арқасында ветеринарлар ветеринариялық-профилактикалық іс-шараларды уақытылы және толық көлемде жүргізуге мүмкіндік алады.

Қолданба смартфон арқылы жұмыс істейді. Бағдарлама арқылы ветеринариялық тәуелсіздік алуға болады және болашақта малды сатып алу-сату, жоғалған кезде тегті ауыстыру, сондай-ақ соудан кейін жануарды есептен шығару рәсімдерін жасауға болады.

«TortTulik» ауыл тұрғындары үшін ақпараттық хабақ айналады. Қолданбада саланың соңғы жаңалықтарын жіберіп алмау мүмкіндіктері, алдағы ветеринариялық іс-шаралар, вакцинация, диагностика туралы хабарламалар және тағы басқа да хабарламалар бар.

«TortTulik» Android Playmarket-тен жүктеуге қолжетімді, әзірлеушілер кейінгірек қосымшаны iOS-тағы смартфондарға бейімдейтін болады.

Құрметті облыс тұрғындары аталған мобильдік қосымшаны жүктеп, мал шаруашылығын жүргізу барысында қолдануды ұсынамыз. Қосымшаны жалпылама пайдалану облыстың ветеринариялық-профилактикалық бақылау жұмыстарын жүргізуге және жергілікті атқарушы органдарымен тығыз байланыста жұмыс атқаруға септігін тигізеді.

ҚР АШМ ВБжКК-нің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы

«Даулетэнерго» ЖШС тұтынушыларының назарына!

«Даулетэнерго» ЖШС Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментіне электр энергиясының алдағы уақытта шекті бағаның өсетіні туралы хабарлама жолдағанын, ондағы жобалық орташа босату бағасы 1 кВт.сағатқа КҚС-сыз 24,06 теңгені құрайтынын немесе қолданатынғадан 13,9 пайызға өзгертіліп ұсынылғанын өзінің тұтынушыларына хабарлайды.

Өзгертудің негізгі себебі: тоқ өндіретін электрстанциялары мен тасымалдаушы компаниялардың тарифтерінің және Серіктестіктің қызметкерлерінің орташа айлық жалақыларының өсуі.

«Даулетэнерго» ЖШС-ның 2023 жылдың 20 қарашасынан бастап қолданысқа енгізуге ұсынған әр қызмет түрі бойынша жоспарланған шекті бағасының ЖОБАСЫ (бекітілмеген)

№ п/п	2023 жылдың 20 қарашасынан бастап жоспарланған баға	2023 жылдың 01 наурызынан бастап келісілген баға			айырмасы				
		Тариф КҚС-сыз	КҚС 12%	Тариф КҚС-мен	Тариф КҚС-сыз	КҚС 12%	Тариф КҚС-мен	теңге	
1	Орташа босату тарифі	24,06	2,89	26,95	21,13	2,54	23,67	2,93	13,9%
2	Жеке тұлғалар үшін орташа босату тарифі	20,70	2,48	23,18	18,30	2,20	20,50	2,40	13,1%
Тұтыну көлемі бойынша тарифі:									
Электр плиталарын пайдаланбайтын жеке тұлғалар үшін									
	1-деңгей (70 кВт*с дейін)	20,23	2,43	22,66	17,87	2,14	20,01	2,36	13,2%
	2-деңгей (70-тен 150кВт*с дейін)	24,84	2,98	27,82	21,96	2,64	24,60	2,88	13,1%
	3-деңгей (150 кВт*с жоғары)	31,05	3,73	34,78	27,45	3,29	30,74	3,60	13,1%
Электр плиталарын пайдаланатын жеке тұлғалар үшін									
	1-деңгей (100 кВт*с дейін)	20,23	2,43	22,66	17,87	2,14	20,01	2,36	13,2%
	2-деңгей (100-ден 170кВт*с дейін)	24,84	2,98	27,82	21,96	2,64	24,60	2,88	13,1%
	3-деңгей (170 кВт*с жоғары)	31,05	3,73	34,78	27,45	3,29	30,74	3,60	13,1%
Электр плиталарын пайдаланбайтын жеке тұратын ҰОС ардагерлері мен осыларға теңестірілген мүгедектер, зейнеткерлер үшін									
	1-деңгей (100 кВт*с дейін)	20,23	2,43	22,66	17,87	2,14	20,01	2,36	13,2%
	2-деңгей (100-ден 150кВт*с дейін)	24,84	2,98	27,82	21,96	2,64	24,60	2,88	13,1%
	3-деңгей (150 кВт*с жоғары)	31,05	3,73	34,78	27,45	3,29	30,74	3,60	13,1%
Электр плиталарын пайдаланатын жеке тұратын ҰОС ардагерлері мен осыларға теңестірілген мүгедектер, зейнеткерлер үшін									
	1-деңгей (100 кВт*с дейін)	20,23	2,43	22,66	17,87	2,14	20,01	2,36	13,2%
	2-деңгей (100-ден 170кВт*с дейін)	24,84	2,98	27,82	21,96	2,64	24,60	2,88	13,1%
	3-деңгей (170 кВт*с жоғары)	31,05	3,73	34,78	27,45	3,29	30,74	3,60	13,1%
3	Занды тұлғалар үшін орташа босату тарифі	28,27	3,39	31,66	24,03	2,88	26,91	4,24	17,6%
	Бюджеттік мекемелер үшін	38,80	4,66	43,46	32,97	3,96	36,93	5,83	17,7%
	Өзге де тұтынушылар үшін	24,06	2,89	26,95	21,13	2,54	23,67	2,93	13,9%
	Әлеуметтік маңызы бар тауарларды өндірушілер үшін	24,06	2,89	26,95	21,13	2,54	23,67	2,93	13,9%

(ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінен 2009 жылдың 14 шілдесінде №000497 мемлекеттік лицензиясы берілген)

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі Комитетінің Қызылорда облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы басшылығының 2023 жылдың 4-тоқсанында азаматтарды жеке мәселелері бойынша ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Т.А.Ә.	Лауазымы	Қабылдау уақыты	Орналасқан жері	Байланыс телефондары
1	Нұрмағамбетов Марат Жалпақбайұлы	Инспекция басшысы	Жұма сағат 11.00-13.00	Қызылорда қаласы Н.Назарбаев даңғылы 27/3	23-19-61
2	Абдразахов Исатай Өмірзақұлы	Инспекция басшысының орынбасары Әдеп жөніндегі уәкіл	Бейсенбі, сағат 10.00-12.00 Әдеп жөніндегі мәселелер бойынша күнделікті 9.00-17.00	Қызылорда қаласы Н.Назарбаев даңғылы 27/3	23-19-61

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

2015 жылғы 23 қарашадағы №416-V «Мемлекеттік қызмет туралы», 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген «Мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі» талаптарының бұзылуына жол бермеу мақсатында «Қызылорда облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы» РММ-де 23-19-61 Сенім телефоны жұмыс жасайды.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru



Аудан айнасы

Билік пен бұқара арасындағы алтын арқау баспасөз екеніне талас жоқ. Мерзімді басылым миссиясын мінсіз орындаса қалың қауымның қуанышы сол. Тоқсан жылдық тарихы бар «Жаңақорған тынысы» қоғамдық-саяси газеті көптің көңілінен, сенім үдесінен шыға білді. Бүгінде ақпарат айдынындағы орны айрықша.

Айдар САЙЛАУОВ, «Сыр бойы»

Жанрды жыға танитын журналистердің қуатты қаламынан туған, орайын тауып өрбіген мәнді мақала, салмақты сараптама, дәйекті дерегі дәйім халық назарында. Себебі шынайылыққа басымдық берген басылымның өміршең болатынына ешкім шүбә келтірмес. Талай тілші өткір тілмен өзекті мәселені қозғап, толғандырап тақырыпты талдаған. Мұның бәрі баспасөздің бөспе сөз еместігіне дәлел.

Терең тарихтан тамыр алған аудандық газет 1933-1935 жылы «Қызылмақашы», 1935 жылдан 1963 жылға дейін «Екпінді» болып жарық көрді. Тәуелсіздікке дейін бірнеше рет атауын өзгертіп, 1991 жылы «Жаңақорған тынысы» ретінде жалпақ жұртқа танылды. 2013 жылы Аманжол Оңғарбаев басшылық ететін «Сыр медиа» ЖШС-нің құрамына енді. Шежіре шетін тарқатсақ, әр нөмірінде қоғам дертін дөп басқан. Сын садағына да біраз адам ілігіп, түйінділік түйінін шеше білген. Бұл журналистің зерттеуі, қаламының күші хәм газет үнінің қуатты екенін айғақтайды.

Қазақ – тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін ғана айтып, нақылмен нақыштап, тәмсілімен-ақ тәлім берген халық. Басылымның әр жылдағы тілшілері де көсіліп жазуды көпірме сөзді көбейтумен шатастырмаған. Мазмұнды айшықтайтын түрлі айдары оқырман назарын аудартақаны тағы бар. Таптаурын түсінікті бұзып, қасаң көзқарасты жоятын жазбалар басы-



лымның оң баға алуына ықпал етті.

«Бас редактор дегеніміз – погонсыз генерал, атақ-дәрежесі рәсімделмеген ғылым докторы, патентсіз өнертапқыш, лицензия алмаған конструктор, халықтық дипломатияны бойына терең сіңірген мәмілегер. Погонсыз генерал болатының – газет бетінде стратегияны белгілеп, түрлі тактика қолданасың. Билік пен оқырманның арасында елшілікке жүресің. Түн ортасында, басылымның соңғы бетін баспаханға жіберер алдында: «Осы материал қалай өзі?» дейтін қиын жағдайлар туындайды. Ол кезде саған ешкім көмекке келмейді. Мұндайда тек білім мен білігің, ішкі интуицияңа сүйенесің. Сөйтесің де ұстараның жүзінде отырып, ең соңғы шешімді қабылдайсың. «Тәуекел!» дейсің. Сөйтіп, генерал секілді мылтықсыз майданды басқаруына тура келеді. Патентсіз өнертапқыш дейтінін, газетті оқыту үшін үнемі тың идея ойлап табуға тиіссің. Жаңа тақырып, жаңа кейіпкер, жаңа айдар, жаңа қоллаж, жаңа штрих... Соның бәрімен газетті күн сайын қамтамасыз етуің керек. Ендеше, өнертапқыш емей, кімсің?...» деп Жанболат Аупбаев ағамыз

редактор мойнындағы жүктің жеңіл емесін жеткізіп еді. Сол секілді «Жаңақорған тынысы» газетінің ғасырға жуық жасауына әрбір редактордың қосқан үлесі зор. Басылым белелін көтеріп, оқырманның ой-талғамынан шығуына өзіндік үлес қосқан. Қалдырған қолтаңбасы да – соның нақ мысалы. Алғашында газет таралымы 200 дана болса, 2018 жылы 6 мыңнан асып жығылған. Журналистің жан-жақты жанрда мақала жазып, газет дизайнының түрленіп отыруы – еңбектің жемісі, маңдай тердің ақталғаны. Бұл ретте тоқсан жылдағы редакторлар есімін түгендесек, тізімнің толып қалатыны ақиқат.

Баспа ісі бас қатыратындай қиын кезеңде газет шығарудың өзі қажырлықты қажет етеді. Көз майын тауысып, макетін сызып, түн ортасына дейін жұмыс істеу оңай емес. Осындай сындарлы сыннан сүрінбей өткен аудандық газеттің арасын үзбей уақытылы шығуы мәртебе биігіне көтеріп десек артық емес. Қазіргі медиа мүмкіндігін де пайдаланып, жаңашылдықпен жұмыс істеп келеді. Ғаламтор қолданғысы артақан заманда оқырманның оңай ақпарат алуына

жағдай жасап, газет сайтын да ашқан болатын. Аудандағы қоғамдық-саяси, мәдени-рухани бағыттағы жаңалықтар, елең еткізетін хабар хәм татымды мақала іздесеңіз сайттан табылады. Демек, белді басылымды ауданның айнасы десек қателеспейміз.

Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі былтыр Астанада өткен өңірлік мерзімді басылымдар форумында газет басу, баспасөзге жазылу, оны елді мекендерге, оқырмандарға тарату ісінде «Сыр медиа» серіктестігінің жұмысын өзге өңірлерге үлгі ретінде ұсынғаны көпке мәлім. Әсіресе, тоқсан жылдық тарихы бар аудандық газеттің көш ілгері екенін тілге тиек етті.

Өңірлерге сапарлар және осы форумға дайындық кезінде аймақтардағы кейбір басылымдардың тіпті сайты да жоқ екенін анықтадық. Ал кейбір өңірлік басылымдардың сайты жақсы жұмыс істейтінін көрдік. «Жаңақорған тынысы» газетін атап айтқым келеді. 7,5 мың тиражбен тарайды. Газет редакциясын сол ауданның тұрғындары асарлатып салып берген. Сайты біздің кейбір республикалық басылымдардың сайтынан да жедел ақпарат таратады, – деді ол.


Иә, шығармашылық ұжымның жұмыла атқарған ісі өз бағасын алды. Бүгінде басылымның шыққан шыңы, бағындырған белесі биік. Табанының бұри бар, орақ тілді тілшілердің марапат мінберінен көрінуі де басылым мерейін үстем етуде. Кәсіби мерекеде аудан әкімі Мұрат Жолкелдіұлының жергілікті журналистерді, ұзақ жыл осы салада қызмет еткен ардагер қаламгерлерді құттықтау сөзі де жігер бергені анық.

Ғасырға жуық тарихы бар «Жаңақорған тынысы» газеті оқырмандарының белсенділігімен мақтана алады. Бүгінгі күні 6000-нан аса тұрақты оқырманы бар басылымның таралымы ұдайы артып, аудан халқы белсенді тұтына бастағанынан аңғарамыз. Биыл жарық көргеніне 90 жылға толған «Жаңақорған тынысы» газетінің ауқымы аудандық болғанымен Алаш идеясын көтеріп, елдік сана, мемлекеттілік мүдде аясындағы еңбегін ұтымды атқарып келеді, – деді.

«Жауға қарсы жүздеген мың қол әскерден, төрт газеттің ойсырата соққы беру мүмкіндігі зор» деген Напалеон баспасөздің беделін сипаттап бергенді. Расында да сөздің салмағын сезініп, мерзімді басылымның мәртебесін көтеру кім-кімнің де қолынан келмейді. Жылдар бойы үздіксіз дамуға үзілік жарылағанымен аудандық ұжымының тарихта таңбалауы қалатыны хақ.

ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

Кесімдер мен қисындар тоғысында



Жерлесіміз, жазушы, көсемсөзші-эколог, қоғам қайраткері, «Парасат» орденінің иегері Сайлаубай Жұбатырұлының жаңа кітабы жарық көрді. Кітап аты – «Топансу жүзін жуған Ұлы Дала».

Жазушының соңғы ширек ғасырда республикалық басылымдарда жарияланған ғылым кесімдері мен қисындар тоғысындағы ойларынан туындаған гипотезалық пайымдаулары, туған жер туралы толғаныстары, күрделі-күрмеулі кейбір жайттардың шешімдері туралы өзіндік көзқарастары жаңа туындының негізін құрайды. Белелді ғылыми орталарда бекіген концепцияларды жаңа, соны көзқарастарда саралап, өзіндік ой таразысына салған автор тұғыры өзінің тосындығымен, тіпті, кей реттерде батыл кесімдерімен оқырманды тәнті етеді. Бұл туралы кітапқа алғашқы жазған ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі Берекет Көрибаевтың пікірі жаңа туынды табиғатын оқырманға ұғындырып ашып берген.

Көпшілікке көркем кітаптарымен кеңінен танымал қаламгердің эссеистика жанрындағы бұл туындысы ізденуші-жазушы шығармашылығының жаңа бір қыры деуге болады. Кітаптың ой аясы кең, тақырып ауқымы сан алуан. Әр тақырып дүниелері, өз табиғатына сай, кітаптың төрт бөліміне топталған. Тілі жатық, оқырманды қызықтырып тартатын сюжеттері мол.

Кітап «Жиенай» баспасынан шықты.

Хабарландыру

«Қазмұнайгаз ҰК» АҚ 15.11.2023ж. Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, Д.А.Қонаев көшесі, 8, Тереңөзек кентінің Мәдениет үйінде, уақыты – сағат 16:00 «Тереңдігі 5500 м жобалық палеозоан Торғай құрылымында барлау ұнғымаларын салуға арналған жеке техникалық жобаға толықтыру» бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

ZOOM платформасында онлайн режимінде қосылу сілтемесі: <https://us04web.zoom.us/j/75372889899?pwd=r81wE5moEdwZMwE5SNe7rHoLjVf4.1>

Конференцияның идентификаторы: 753 7288 9899, Қолжетімділік коды: a70ndR Тапсырыс беруші – «Қазмұнайгаз ҰК» АҚ, БИН 020240000555, 010000, Астана қ., Есіл ауданы, Д.Қонаев көшесі, 8, «Изумрудный квартал» әкімшілік кеңсесі, блок «Б», э.л. адрес: leila.sardabek@kmg.kz, тел.: +7 (7172) 78 61 01.

Жобаны әзірлеуші – «КМГ Инжиниринг» ЖШС БИН 140340010451, 010010,

Астана қ., Д.Қонаев көшесі, 8, э.л. адрес: N.Kosnazarova@kmg.kz; тел.: 8(7172) 235538 және «КМГ Инжиниринг» ЖШС АФ, БИН 180541015056, 060097, Атырау қ., Нұрсая ықшам ауданы, Елорда даңғылы, 10, э.л. адрес: atyrau@kmg.kz; тел.: 8(7122) 305412.

Жоба бойынша құжаттама БЭК-те e-portal.kz сайтында орналастырылған.

Жергілікті атқарушы орган – «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы» ММ, пошталық мекенжайы: Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, 120003, Сұлтан Бейбарыс көшесі, №1, электрондық мекен-жайы: prd@korda.gov.kz, тел.: 8 (7242)-60-53-62.

Ақпарат алу үшін электрондық пошта мекен-жайлары: prd@korda.gov.kz, <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/press/article/?lang=kk>, Ecorportal.kz.

Қосымша ақпаратты мына мекен-жай бойынша алуға болады: N.Kosnazarova@kmg.kz, тел.: 8(7172) 235538

«Сыр бойын» ақпараттық агентігінен де (сайттан) оқыңыз



www.syrboyi.kz

ЖАРНАМА БӨЛІМІ
70-00-52

E-mail: smjarnama@mail.ru

Простатит, аденома, уретрит, белсіздік пен бедеулік, несеп шығару жүйесінің бұзылуы?!



Құрметті оқырмандар! Еліміздегі ер азаматтарда кездесетін өте күрделі, созылмалы түрдегі простатит ауруының шешімі табылды! Егер де простатит пен аденома, бедеулік пен белсіздік, несеп-жыныс жүйесінің өзге де бұзылыстары, атап айтқанда кіші дәретке жиі шығу, қуықтың толық босамауы, дәреттің қалып қоюы, зәр сындыру барысындағы ашу-шаншу сезімдері сізге маза бермей қойған болса, әлемнің 32 елінің денсаулық сақтау министрліктері мақұлдаған «ПРОСТАТИНОР» өнімін ұсынамыз. «ПРОСТАТИНОР» әлемдік тәжірибеде мойындалған дәрі-дәрмектің отаны Үндістан елінде шығарылады. Бұл өнімнің бір артықшылығы әрі ерекшелігі фармацевтикалық, химиялық дәрі-дәрмек секілді емес, яғни тек қана табиғи емдік шөптерден біріктірілген күйде парафармацевтикалық бағытта атақты Surya Herbal Limited компаниясының базасында дайындалады.

«ПРОСТАТИНОР» препараты – аты айтып тұрғандай, қуықасты безі қабынып, гормондық теңгерімі бұзылып, жыныстық қатынаста әлсіздікті сезініп жүрген ер азаматтардың мәселесін шешуге арналған өнім.

Егер де сіз жоғарыда айтып өткендей жағдайларды бастан кешіп жүрген болсаңыз, қамықпаңыз! «ПРОСТАТИНОР» препаратын қабылдап болсаңыз, бірінші кезекте толық зәр жолдары мен несеп-қуық жолдарындағы қабынды тудыратын бактерия, инфекция мен микроорганизмдерді тазалап өтеді, сифилис, гонорея, хламидиоз, трихомониаз деген бұрындары жұқтырған инфекциялық аурулардың қалып қойған қалдығын шығарады.

Мына телефон нөмірі бойынша білікті мамандардан кеңес алып, «Простатинорға» тапсырыс бере аласыз: 8 778 021 39 39 немесе www.sauilyktyng-syry.kz сайты арқылы.

Қазақстан бойынша орталыққа қоңырау шалу, мамандардан кеңес алу, жеткізу қызметі тегін!

Тиімді ұсыныс!

«ПРОСТАТИНОР» өніміне

-30% жеңілдікпен тапсырыс беріңіз!

Тұтынушы пікірі:

Армысыздар! Менің аты-жөнім Бейсенов Құрманғали. Қарағанды өңірінен боламын. Өзімнің нәтижемен белісім келіп отыр. Қанша жылдар бойы мазалаған ауруым бар еді. Простатит, аденома дей ма, болған сол. Қанша емделдім. Врачтарға қаралдым. Ем алдым. Бірақ көңілден шығатындай нәтиже көре алмадым, шыны айтсам. Операцияға деді, оған операция жасатуға қорықтым. Сосын осы сендердің мына «Простатинор» өнімі жөнінде естіп, уақытында хабарласып, мамандар толық мағлұмат беріп, осы өнімнің екі айлық курсы алып іштім. Қазір шүкір. Анализдерім жақсы шықты. Күндіз-түні кіші дәретке жүгірмейтін болдым. Ұйқым тыныш. Қанша болды, қазір ауруым мазаламайды. Сол алғысымды білдіріп келіп жазып отырғаным. Рахмет, сіздерге!

Құрметті оқырмандар! Еліміздегі ер азаматтарда кездесетін өте күрделі, созылмалы түрдегі простатит ауруының шешімі табылды! Егер де простатит пен аденома, бедеулік пен белсіздік, несеп-жыныс жүйесінің өзге де бұзылыстары, атап айтқанда кіші дәретке жиі шығу, қуықтың толық босамауы, дәреттің қалып қоюы, зәр сындыру барысындағы ашу-шаншу сезімдері сізге маза бермей қойған болса, әлемнің 32 елінің денсаулық сақтау министрліктері мақұлдаған «ПРОСТАТИНОР» өнімін ұсынамыз. «ПРОСТАТИНОР» әлемдік тәжірибеде мойындалған дәрі-дәрмектің отаны Үндістан елінде шығарылады. Бұл өнімнің бір артықшылығы әрі ерекшелігі фармацевтикалық, химиялық дәрі-дәрмек секілді емес, яғни тек қана табиғи емдік шөптерден біріктірілген күйде парафармацевтикалық бағытта атақты Surya Herbal Limited компаниясының базасында дайындалады.

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

<https://twitter.com/syrboyi>

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифициқталған. Авторларға қаламақы тапсырысы бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyi.kz

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.